

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 13 шілдедегі № 551 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

186) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"186) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету кезінде талаптардың сақталуы тұрғысынан жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 186-2), 186-3) және 186-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"186-2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 85-2-бабына сәйкес мемлекеттік органдарға қатысты кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

186-3) кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы мерзімдік тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын бекіту;

186-4) кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы мерзімдік тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарының нысанын, тексерулерді тағайындау, ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы актілердің нысандарын, тексеру мерзімін ұзарту туралы хабарламаның нысанын, мерзімдік, жоспардан тыс тексерудің және қашықтан бақылаудың нәтижелері туралы қорытындының нысандарын әзірлеу және бекіту;"

200) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"200) реттеушілік әсерге талдау жүргізу және оны пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

200-6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"200-6) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын, орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар әзірлейтін нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жобаларын,

мемлекеттік жоспарлау саласындағы құқықтық актілердің жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттардың жобаларын сараптама кеңестерінің қарауын ұйымдастыру;"

мынадай мазмұндағы 200-13), 200-14), 200-15) және 200-16) тармақшалармен толықтырылсын:

"200-13) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай және мүліктік қолдау тәртібін, нысандарын, мөлшерін және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттарды әзірлеу;

200-14) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын, экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау тәртібін, нысандарын және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттарды әзірлеу;

200-15) реттеуші мемлекеттік органдар айқындайтын реттеушілік актілерге кейіннен талдау жүргізу мерзімдерін келісу;

200-16) энергия беруші ұйымдар күнтізбелік бір жылда бір тұтынушыға шаққанда ажырату санының орташа көрсеткішінен және күнтізбелік бір жылда бір тұтынушыға шаққанда ажырату ұзақтығының орташа көрсеткішінен асырған жағдайда тұтынушы пайдаланған электр энергиясы үшін бұрын жүргізілген соманы қайта есептеу және (немесе) қайтару арқылы электр қондырғыларының белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі кәсіпкерлік субъектілеріне автоматты түрде өтеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*